



ҚЫЗЫҚТЫ КІТАПТАР ӘЛЕМІ ШАҚЫРАДЫ

2 сәуір - Халықаралық балалар кітап мерекесіне орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 Әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінің «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» атты балалар кітап апталығы мерекесі ашылды.

Мерекеді Шалқан ертегісінің желісі бойынша «Сиқырлы кітап» қойылымы көрсетіліп, ертегі кейіпкерлері оқырмандарды құшақ жая қарсы алды. Мақсатымыз оқырмандардың бойына кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, кітапхана қорындағы жаңа әдебиеттерді оқырмандарға жарнамалау. Мерекенің екінші күні қазақ балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай оқырмандарға ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер беріліп, ақын жырларын насихаттай отырып, өнегесін алуға тәрбиелеу мақсатында «Бала деп соққан бауыр-мал жүрек» атты әдеби қонақжай А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназияның 3 «А», 3 «Б» сынып оқушыларымен өткізілді. Балалар кітап апталығының үшінші күні «Ерлік толы даламыз, батыр біздің ба-

бамыз» атты ерлік сағаты Ы.Алтынсарин атындағы гимназия оқушыларымен және Торғай өңірінің белгілі азаматы, ұлт мәдениетінің жанашыры, қоғам шебері, өлкетанушы Шөптібай Байділдаулы қатысып, халық батыры Аманкелді Иманов туралы мәліметтермен бөлісті. Балалар кітап апталығының төртінші күні «Бүлдіршіндер кітаптың құпиясын ашады» атты ертегілік «Ақбота», «Алпамыс», «Балдырған» балабақшаларының бүлдіршіндерімен өткізілді. Мерекелік іс-шарада балалар ән салып, би билеп, кітап туралы тақпақтарын айтып, өз өнерлерін ортаға салды. «Көңілді балалар» қуыршақ үйірмесі «Қой мен серке» ертегісінен, «Балдырған» балабақша бүлдіршіндері «Қоян мен түлкі» ертегілерінен қойылымдар көрсетіп оқырмандарды қуанышқа бөледі. Апталықтың бесінші күні «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» атты фольклорлық мереке «Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің және психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған күндізгі болу бөлімшесінің тәрбиеленушілерімен өткізілді. Бұл күні қазақтың ұлттық дәстүрлеріне, соның ішінде көрісу, қайырымдылық жасау, ақ дастархан күні деп ерекше мазмұн бере отырып, қазақтың ұлттық тағамдары әзірленіп, оқырман-

дар үшін Наурыз көже берілді. Дәл осы күні ішкен наурыз көже де адамдарға ерекше әсер етеді. Жеті түрлі тағамнан жасалатын наурыз көже жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер сәтінде адам ағзасына таптырмас дәрумен. Салт-дәстүрімізді жаңғырту мақсатында «Келін түсіру» рәсімі көрсетіліп, оқырмандарды «Қол күрес», «Арқан тартыс» «Асық ату» ұлттық ойындарына шақырдық. Жоғарыда аталып өткен іс-шаралардың барлығында кітап көрмелері ұйымдастырылып, әңгіме, шолулар жасалынды.

Жыл сайын өткізілетін «Балалар кітабы апталығы» – барлық кітап оқитын балалардың ортақ мерекесі. Бұл ғажайып мерекеді біз барлық балаларды қарсы алып, кітап әлеміне жетелейміз және бұл мерекеден кейін кітаптың адал достары бұрынғыдан да көбейеді.

Қорытындылай келе қала мектебінің мұғалімдеріне және балабақша ұжымына «Балалар кітап апталығы» мерекесіне қатысқандары үшін алғысымызды білдіреміз. Белсенділік танытқан оқырмандар мақтау қағазымен марапатталды.

Қымбатты оқырмандар! Сіздер үшін балалар әдебиеті бөлімінің есігі айқара ашық! Келіңіздер! Көріңіздер! Оқыңыздар!

Сандуғаш ҚАЗЫБЕКҚЫЗЫ,
№ 2 ОӘҒК
Балалар әдебиеті бөлімінің
менгерушісі